# Тілдердің классификациясы

**Дәріс жоспары:**

***1. Дүние жүзі тілдері және оларды топтастырудағы басты принциптер.***
***2. Тілдердің генеалогиялық классификациясы.***
***3. Тілдердің типологиялық классификациясы:***
***а) фонетикалық типология;***
***ә) синтаксистік типология;***
***б) морфологиялық типология.***

## *Дүние жүзі тілдері және оларды топтастырудағы басты принциптер*

**Тайпа-лық тіл**

- Туыс рулық тілдер негізінде қалыптасқан жеке тайпалар сөйлейтін тілдер.



**Ұлт тілі немесе ұлттық тіл**

- Ауызекі және жазба түрде ұлттық қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын тарихи-әлеуметтік категория.

**Халық тілі**

- Ұлт тілінің құрылымдық негізі.
- Ұлт тілі -- өзінің ішкі құрылымы жағынан халық тілінің мұрагері болып табылады.

## Дүние жүзі тілдері және оларды топтастырудағы басты принциптер

***Әрбір ұлт тілі өзіне тән дербес жолмен дамып қалыптасады.***

**Бірнеше диалектінің шоғырланып бірігуі негізінде**

**Тілдік белгілері бірыңғай, құрылымдық айырмашылық жоқ бір диалект негізінде**

**Диалектілердің ауыса отырып, өзара шоғырлануы негізінде**

- **Диалект ....**
- ***Ұлттардың қалыптасу кезеңіндегі ұлт тілдерінің негізін құрайтын ру, тайпа тілі***

## Дүние жүзі тілдері және оларды топтастырудағы басты принциптер

Тілдерді классифика-циялау

- *Дүние жүзіндегі тілдерді белгілі бір **таксономиялық** топқа жатқызу.*

Таксономия

- **(Грек тіл. Т*axis – тәртіп, орналасу, құрылыс және* nomos- заң)**
- **Лингвистикалық объектілерді (тілдер, тіл бірліктері) топтастыру принциптері мен ережелерінің жиынтығы**

Таксономия

- **Таксономияның екі түрі бар: табиғи (объектілердің қасиеттеріне қарай жасалған); жасанды.**
- **Табиғи таксономияға тілдердің генеалогиялық классификациясы, жасанды таксономияға тілдердің типологиялық классификациясы жатады.**

# Дүние жүзі тілдері және оларды топтастырудағы басты принциптер



# *Тілдердің генеологиялық классификациясы*

**Тілдердің генеалогиялық топтастырылуы – тілдерді туыстығына, шығу тегіне, тарихи даму жағдайларының ортақтығына қарай топтастыру принципі.**

| Семья\\Жануя | Топ |
|---|---|

## Туыстық тіл

| | |
|---|---|
| Шығу тегі бір, біртектес тілдердің бірнеше топтарының жиынтығы | Бір семьяға жататын, бірақ туыстығы басқаларға қарағанда тіптен жақын тілдер жиынтығы |

**Ең кіші мағыналық элементтерді (түбір морфемалар мен аффикстер) ежелгі (түбіртіл) материалдық қордың дыбыстық өзгерістерінің жүйелі сипатын бейнелеп, белгілі қатаң сәйкестікте болатын, екі не одан да көп тілдің жалпы ортақ қасиетері.**

**Топ немесе ұя**

## *Тілдердің генеологиялық классификациясы*

**Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы бірнеше туыстас тілдердің материалдары бір-бірімен салыстырылады.**

**Мақсаты – тілдер туыстығын, туыстас тілдердің түпкі төркінін, олар тараған  ататілді (праязык) айқындау, туыс тілдердің даму заңдылықтарын, себептерін ашу .**

***Дүние жүзі тілдері өзара бір-бірімен туыстығына қарай салыстырмалы-тарихи тұрғыдан топтастырылады***

***Тілдердің генеологиялық классификациясы (ТГК)***

***салыстырмалы-тарихи әдіс ....***

**Кейбір тілдердің морфологиялық, фонетикалық жүйесі ұқсас болуымен қатар, ең бастысы сөзжасам жүйесі, негізгі сөз түбірлердің (лексикалық қордың) тамыры бір екендігін анықтау**

**ТГК-да “моногенез теориясы” бүкіл тілдерді ностратикалық деп қарастырады.**

**Моногенез теориясы –адамзат тілдерінің пайда болуы туралы теория. XX ғ. басында А.Тромбетти бірінші болып әлемдегі тілдерді салыстырып, ірі топтарға біріктірді, олардың бір тілден тарауы мүмкін деген болжам айтты.**

- **XX ғ. 60 жж.М.Сводеш А.Тромбетти идеяларына жақын, классикалық салыстырмалы-әдісті қолданды.**

# *Тілдердің генеологиялық классификациясы (ТГК)*

**нострат тілдер**

**палеоазиат тілдер:**

**Дүние жүзі тілдері**

**Солтүстік кавказ тілдері (абхаз, шешен, авар, ингуш**

**Енисей (кет, юг)**

**Тропикалық Африкадағы тілдер нигеро-конголез тілдері:** ***банту (бенуэ-конго), ква, адамуа, индиго тіл жанұялары***

**•Син-тибет (қытай, тибет)**

**На дене (аляска мен америкада таралған) тілдері**

.

# НОСТРАТИКАЛЫҚ ТІЛДЕР

**= 10-15 мың жыл бұрын өмір сүрген ностраt тілдерінен таралған деген болжам бар. Олар Африканың солтүстігінен бастап, Еуразия құрлығына өздерінен бұрын таралған палеоазиат тілдерін біртіндеп ығыстырып, осы аймаққа қоныстанады**

**=Н.т. генетикалық байланысы олардың туысқан морфемалары арқылы анықталады.**

**Ортақ түбірлі морфемалар негізгі элементарлық ұғым мен болмыстың нақтылықтарын бейнелейді. Әуелгі тілдерден тараған 6 топқа енетін тілдерде тұрақты грамматикалық (сөзжасам мен сөзді өзгерту) морфемалардың жақындығы дәлелденген.**

# *Ностратикалық тілдер*

## Батыс

- Афрозия
- Үндіеуропа
- Картвель

## Шығыс

- Орал
- Алтай
- Дравид

# Ностратикалық тілдер



# Афроазия

- Бербер
  - Чад
    - Кушит
      - Египет
        - Семит (араб,иврит)

омод


телугу
тамиль
Дравид тілдері
Үндістан түбегіне таралған
каннада
малаялам

# Үндіеуропа:

- **Үнді**: ***хинди, урду, бенгаль, маратхи***
- **Иран:** ***иран, тәжік***
- **Славян:** ***орыс, поляк, чех, словак, украин, белорус, серб, хорват***
- **Балтық**: ***латыш, литван***
- **Герман:** ***неміс, ағылшын, дат, швед, норвег, галл.***
- **Роман**: ***француз, испан, португал, итальян, румын***
- **Кельт:**
- **Грек**
- **Албан**
- **Армян**
- **Нуристан**
- **өлі тіл жанұялары анатлия, тохар, иллирия, скиф, кушан т.б. енгізіледі.**

**Финь-пермь:** ***фин, эстон, мордва***

**Орал тілдері**

**Угор:** ***венгр, ханты, мансы***

**Самодий:** ***ненец, эвен***


Чукот-
камчатск
Чукот
Камтач


Алтай
Түркі
Моңғол
(халха, қалмақ),
Тұңғыс –манчжур
(манчжур, эвен, нанай)
Қытай –тибет: қытай, жапон, корей

# Түркі тілдері

**Батыс хун**

- Бұлғар
- Оғыз
- Қыпшақ
- Қарлұқ

**Шығыс хун**

- Ұйғыр
- Қырғыз - қыпшақ

# Қыпшақ тобы

- Татар
- Құмық
- Қарашай -балқар
- Қырым -татар
- Қарайым
- Ноғай
- Қазақ

# *Тілдердің типологиялық классификациясы*

**Типология -** тілдердің құрылымдық және функциональдық \қызметтік\ қасиеттерін шығу тегіне қарамастан салыстыра зерттеу.

**Тілдер фонетикалық, грамматикалық құрылысына қарай бірнеше типке бөлінеді.**

**Фонетикалық типология**

**Синтакссистік типология**

**Морфологиялық типология**

*Тілдердің типологиялық классификациясы*

**Фонетикалық типология**

**Дыбыс құрылысты тіл-дерде сөздер дыбыстардан құралады.**
**-Дыбыс құрылысты тілдерде дыбыстар бо-лады да, әріптермен жа зады.**
**- Европалық тілдер дыбыс құрылысты**

**Буын құрылысты тілдер-де сөздер буындардан құралады.**
**-Буындар одан әрі бөлшектенбейді, ол тек инициаль (буынның ба--сы) және финальға (буынның соңы) бөлшек-тенеді.**
**-Буын құрылысты тілдерде дыбыстар бол-майды, олар иероглиф-термен жазады.**
**- Қытай тілі буын құрылысты.**

*Тілдердің типологиялық классификациясы*

**Фонетикалық типология**

**Монотониялық тілдер**
**Монотониялықт. дауыс тоны сөз мағынасын ажыратпайды.**
**Монотониялы тілдерде сөздің мағынасын оның құрамындағы дыбыстар анықтайды.**
***Ағылшынғ орыс, қазақ, араб тілдері***

**Политониялық тілдер**
**Политониялы тілдерде сөздің мағынасын ажырататын дауыс тоны, сөздің мағынасын айтылу әуені анықтайды**
***Қытай, Вьетнам тілдері***

# *Тілдердің типологиялық классификациясы*

**Синтаксистік типология**

**Номинативті тілдер** – бұндай тілдерде бастауыш атау септігікте тұрады да, баяндауышпен жақ бойынша қиысады, баяндауыш немесе көмекші етістік соған сәйкес жіктеледі.

**Посессив (пассив) тілдерде** етістіктер актив және пассив болып қарсы қойылады да, бастауыштың тұлғасы осыған байланысты болып келеді

**Эргативті тілдерде** етістіктің немесе сабақты болуына қарай, белгілі бір септіктерді керек етуіне қарай бастауыштың (субъектінің) тұлғасы өзгеріп отырады, ал толықтауыш осы өзгерістерге керісінше басқа тұлғаларға орайласады



**КАРЛ ВИЛЬГЕЛЬМ ФРИДРИХ ШЛЕГЕЛЬ**

(1772–1829)

**Дүние жүзіндегі тілдердің типологиялық белгілерін айқындап,тілдерді сол белгілеріне қарай жіктеуді алғаш ұсынған неміс сыншысы, философ, филолог, әрі ақын – ФРИДРИХ ШЛЕГЕЛЬ болатын. Ол 1809 жылы жарық көрген «Тіл және үнділердің даналығы» дейтін еңбегінде сөз тұлғасын түрлендіретін қосымшалардың бар жоқтығына, сөздердің тұлғалық құбылысқа түсудегі сипатына қарай тілдерді *флективті, аглютинативті* деп екі топқа бөледі.**

**Фридрих Шлегельдің інісі Август Шлегель 1818 жылы шыққан «Әдебиеттегі провансаль тілі туралы мақала» атты зерттеуінде алдыңғы екеуі үстіне *аморфты тіл* дегенді қосады.**




**АВГУСТ ВИЛЬГЕЛЬМ ШЛЕГЕЛЬ (1767–1845)**

# Вильгельм Гумбольдт

- **Ағайынды Шлегельдердің біраз кемшіліктерін ашып, типологиялық зерттеуді едәуір дамыта түскен ғалым — Вильгельм Гумбольдт. Ол тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеуге екі түрлі белгіні негіз етуді ұсынады: оның бірі — тілдік тұлғалар қарым-қатынасы, екіншісі — сөйлем құру тәсілдері. Осы белгілерге сүйене отырып, Гумбольдт дүние жүзіндегі тілдерді төрт топқа бөлді, жоғарыда аталған үшеудің үстіне инкорпоративтік тіл дегенді қосып, оған Америка үндістері мен палеоазиат тілдерін жатқызады.**



Vilhelm von Humbold

# Типологиялық топтастырылу

- Жалғамалы (агглютинативтік) тип;
- Даралаушы (аморфты) тип;
- Қопармалы (флективті) тип;
- Полисинтетикалық (инкорпоративтік) тип.

# ЖАЛҒАМАЛЫ (АГГЛЮТИНАТИВТІК) ТИП:

- Түркі;
- Моңғол;
- Фин-угор

(Угро -фин) тілдері.

- Грамматикалық мағына түбірге қосымшалар жалғану арқылы беріледі;
- Қосымшалардың әрқайсысы көбінесе бір ғана грамматикалық мағынаны білдіреді;
- Ол қосымшалар бірінен соң бірі жалғана береді;
- Қанша қосымша жалғанғанымен сөз түбірінің құрамы өзгермейді (Мыс.:*ой-ла-с-тыр-ыл-ма-ған-дық-тар-ыңыз-дан*)

# ДАРАЛАУШЫ (АМОРФТЫ) ТИП

- *Тай;*
- *Тибет;*
- *Қытай;*
- *Бирма;*
- *Вьетнам;*
- *Малай-полинезей тілдері.*

**-Түбірге қосымшалар жалғанбайды;**
**-Тілдерде омоним сөздер көп болады;**
**-Олар бір бірінен музыкалық екпін арқылы ажыратылады;**
**-Синтаксистік жағынан негізгі тәсіл – қабысу;**
**-Синтаксистік қатынастар сөздердің орын тәртібі, интонация және көмекші сөздер арқылы беріледі;**
**-Сөз тудырудың ең басты тәсілі – біріктіру**

# ҚОПАРМАЛЫ (ФЛЕКТИВТІ) ТИП:

- **Орыс;**
- **Неміс;**
- **Араб;**
- **Грек.**

**- Грамматикалық мағыналар негізінен ішкі және сыртқы флексия арқылы беріледі;**

**- Бір қосымша бірнеше грамматикалық мағына білдіріп, әртүрлі қызмет атқарады \книг-и\;**

**-Аффикстер сөз түбіріне сіңісіп кетеді;**

**-Афикстер префикс, суффикс, инфикс болып бөлінуіне қарай олар сөз құрамында әртүрлі орынға ие болады.**

## Грамматикалық мағынаны білдірудің алуан түрлілігіне байланысты тілдер...

ғыналар сөздердің түрленуі арқылы беріледі *аф*

гілі болатын синтаксистік қатынастар бұл тілдерде бір сөзбен беріле алады. М

сілдер жиі қолданылатын тілдер *көмекші сөздер, сө*

# *ПОЛИСИНТЕТИКАЛЫҚ (ИНКОРПОРАТИВТІК) ТИП:*

- **Полиазиат тілдері**
  - **Чукот;**
  - **Коряк;**
  - **Нивх;**
  - **Ительмен;**
  - **Юкагир;**

- **Американдық үндістер тілі**

**Ареалдық (аймақтық) жүйе \ареалдық лингвистика\-** **тіл құбылыстарын кеңістік көлемінде және тіларалық қарым-қатынаста таралуын лингвистикалық география әдісімен түсіру арқылы қарастырады.**

**Әдебиеттер.**

**а) негізгі:**

1. Маслов Ю. С. Введение в языкознание. М.,1987.
2. Кодухов В. И. Введение в языкознание. М.,1987.
3. Реформатский А. А. Введение в языковедение. М., 1997.
4. Будагов Р. А. Введение науку оязыке. М.,1965.
5. Широков О. О. Введение в языковедение. М.,1985.
6. Головин В. А. Введение в языкознание. М., 1983.
9. Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе. А., 1995.
9. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 2006.
10. Степанов Ю. С. Основы языкознания. М.,1992.

**б) қосымша:**

- Теоретические основы классификаций языков мира. М.,1980.
- Основные направления структурализма. М., 1964
- Щерба Л. В. Языковая система и речевая деятельность. М., 1974.
- Гумбольдт В фон. Избранные труды по языкознанию. М., 1964.
- Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. М., 2001